

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

- **Limited Market Scope:** With only five member countries, the EAEU presents a relatively small combined market. This limitation restricts Kazakhstan's export possibilities and increases its reliance on the Russian market.

Regardless of the timing, Kazakhstan's involvement with the EAEU is bound to primarily engage with political issues, pushing economic concerns into the shadows. This is particularly due to fears of Russian aggression in the current political climate. As a result, Kazakhstan's economic growth, especially in the development of goods and services, will likely suffer due to insufficient focus and investment.

Another problem of disintegration would be the problem of replacing Russian imports. In order to replace Russian goods, for example, with Chinese ones, which are the second most imported into Kazakhstan, it will take a lot of time. This could lead to another inflation and higher prices for necessary products.

Here we come to the conclusion that there is no clear answer to the continuation of integration or the beginning of disintegration. But, we can definitely say that with a more equitable distribution of duties, commitment and compliance with all treaties and agreements, as well as with a change in the too dominant role of Russia, the EAEU will become a more profitable union, in particular for Kazakhstan, and will also have development prospects and will be attractive for cooperation for other countries.

Literature

1. E. Yu. Vinokurov, D. A. Korshunov, V. S. Pereboev, T. V. Tsukarev. Eurasian Economic Union // Saint-Petersburg. 2017. P. 22-28.
2. Eurasian Economic Union. Goals and history of creation. <https://cyclopedia.ifcg.ru/wiki/%D0%95%D0%B2%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%B8%D0%B9%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9%D1%8D%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%BE%D0%BC%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9%D1%81%D0%BE%D1%8E%D0%B7.%D0%A6%D0%B5%D0%BB%D0%B8%D0%B8%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%80%D0%B8%D1%8F%D1%81%D0%BE%D0%B7%D0%B4%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%8F>
3. Roman A. Yuneman. Kazakhstan and Eurasian Economic Union.
4. <https://eng.globalaffairs.ru/articles/kazakhstan-urasian-economic-union/>
5. One-way union: why Kazakhstan always loses in the EAEU
6. <https://ulymedia.kz/analitika/15844-soiuz-v-odni-vorota-pochemu-kazakhstan-vsegda-proigryvaet-v-eaes/amp>
7. What does Kazakhstan face if it leaves the EAEU?
8. <https://cabar.asia/ru/chem-kazahstanu-grozit-vyhod-iz-eaes>

ПОДСЕКЦИЯ 5.3 ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРЫ СТРАН ВОСТОКА: МЕЖЦИВИЛИЗАЦИОННЫЕ КОНТАКТЫ

ӘОЖ 556

САУД АРАБИЯСЫ ЖӘНЕ СУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Адайханқызы Нұршат

nurshat17xo@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Г.Қ. Құрманғали

Бұл мақалада біз Сауд Арабиясының су проблемаларының пайда болуын, олардың мемлекетке әсерін және Сауд Арабиясына осы қиындықты жеңуге және Алайда, қазіргі уақытта елде су тапшылығы өзекті мәселеге айналды және осы мәселе елді экономикалық тұрғыдан басқа елдерге тәуелді, осал етуі мүмкін болашақта су ресурстарына тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз етуге көмектесетін ықтимал стратегиялар мен шешімдерді қарастырамыз.

ЮНИСЕФ әлемдегі су мәселесі ең қиын 17 елдің 11-і Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада, яғни Катар, Израиль, Ливан, Иран, Иордания, Ливия, Кувейт, *Сауд Арабиясы*, Біріккен Араб Әмірліктері, Бахрейн және Оман мемлекеттерінде екенін айтады [1].

Сауд Арабиясы - Таяу Шығыстағы және әлемдегі саяси әрі экономикалық үлкен маңызы бар көшбасшы елдердің бірі болып саналады. Сауд Арабиясы Таяу Шығыста стратегиялық позицияға ие, бұл оны геосаяси аспектілерде маңызды етеді. Ол аймақтағы тұрақтандырушы фактор рөлін атқарады және Батыс елдерінің негізгі одақтасы болып табылады. Мұсылмандар үшін қасиетті Мекке мен Медина қалалары орналасқан бұл елге Ислам әлемінде ерекше мән беріліп, ислам мәдениеті мен саясатына ықпал етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық ел ОПЕК, G20 және Араб лигасы сияқты халықаралық ұйымдарға белсенді түрде қатысады, онда ол өз мүдделері мен ықпалын алға тартады.

Су - тіршіліктің, экономиканың негізі болып табылады. Сауд Арабиясының экономикасы екі сұйықтыққа - су мен мұнайға негізделген. Көптеген адамдар мұнайды елдің ең маңызды табиғи ресурсы деп санайды, бірақ саудиялықтардың өздері үшін су барған сайын құнды болып барады. Табиғи су қорлары өте шектеулі, бұл өз кезегінде қауіпті салдарларға әкелуі мүмкін. Саяси тұрғыдан алғанда, Сауд Арабиясындағы су мәселелері ішкі және халықаралық деңгейде ауқымды саяси салдары болуы мүмкін күрделі проблемаларды тудырады.

Біріншіден, тұщы судың жеткіліксіздігі елдегі әлеуметтік және экономикалық теңсіздікті арттыруы мүмкін. Суға қол жетімділік шектеулі болғандықтан, жергілікті тұрғындар денсаулығына қауіп төндіруі, өмір сүру жағдайларының нашарлауы және табыс деңгейінің төмендеуі мүмкін. Бұл қоғамдағы шиеленістің күшеюіне және ішкі қайшылықтардың туындауына әкеледі.

Екіншіден, су проблемалары негізінен мұнай мен газ өндіруге негізделген Сауд Арабиясының экономикасына кері әсер етуі мүмкін. Судың азаюы ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін төмендетіп, азық-түлік бағасын көтеріп қайтадан елдің азық-түлік импортына тәуелділігін арттыруы мүмкін.

Үшіншіден, халықаралық қақтығыстар: су ресурстары шектеулі болғандықтан, Сауд Арабиясы мен оның көршілес елдері арасында ортақ өзендер мен сулы горизонттардың суын пайдалану бойынша халықаралық қақтығыстар туындауы мүмкін. Бұл аймақтық деңгейде шиеленістерге, тіпті қақтығыстарға әкелуі мүмкін.

Өңірде су ресурстарына қатысты келіспеушіліктер қазірдің өзінде жиі кездеседі, өйткені көптеген өзендер мен көлдер екі немесе одан да көп елдерге тиесілі. Мұндай зардаптардың алдын алу үшін Сауд Арабиясы үкіметінен су ресурстарын басқарудың заманауи әдістерін дамытуға инвестиция салу, суды тиімді пайдалану технологияларын енгізу және ортақ су ресурстарын басқару бойынша көрші елдермен ынтымақтастықты қоса алғанда, шұғыл және тиімді шаралар қажет [2].

Сауд Арабиясындағы суды алудың негізгі әдісі оны жер астындағы сулы горизонттардан (қабаттардан), соның ішінде тереңдіктерден (2,5 км-ге дейін) қазба суымен айдап алу болып табылады. Алайда, аталған ресурсқа қол жеткізу қиын, сонымен қатар олар қайта қалпына келмейді. Терең қабаттардың ең үлкені, араб сулы горизонты 20 мың жыл бұрын пайда болған (климат қолайлырақ болған кезде) және әртүрлі бағалаулар бойынша шамамен (~ 500 км³) су көлемін қамтиды, бұл өз кезегінде бүгінгі таңдағы тұтыну қарқынымен 10-50 жылға ғана жетеді.

Өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап Сауд Арабиясы халқын өзіне қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін заманауи ауыл шаруашылығын күрт дамыта бастады. Мұнайдан түскен табыс шөлейтті көгалдандыруға, мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік берді. Тек ауыл шаруашылығы алқаптарын күтіп-баптау (суару) жылына 21 км³ жер асты суын қажет етеді. Бұл сулы горизонттың 80% қоры бір ұрпақта жоғалып кеткендігінің көрсеткіші [3].

Сауд Арабиясы 1980 жылдардың басында «Жасыл шеңберлер» деп аталатын өршіл жобаны бастаған болатын, ол елдің шөлі басым орталық бөлігінде ауылшаруашылық жерлерін құруды қамтыды. Бұл жоба экономиканы әртараптандыру және мұнай кірістеріне тәуелділікті азайту стратегиясы аясында жүзеге асырылды.

Бұл жобаның басталуының басты себептері:

1) Ауыл шаруашылығы саласы бойынша обаның мақсаты елдің өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз етуді арттыру және азық-түлік импортына тәуелділікті азайту мақсатында бидай, арпа, сұлы және басқа да дақылдарды өсіруге арналған ауыл шаруашылығы алқаптарын құру болды.

2) Экономикалық даму бойынша ауыл шаруашылығының дамуы және ауылда жаңа жұмыс орындарының ашылуы өндіріс көлемін ұлғайтып, жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін көтеру арқылы ел экономикасының дамуына ықпал етті.

3) Табиғи ресурстарды пайдалану бойынша суару технологиясы мен заманауи егіншілік техникасын қолдану шөлді климатта су және құнарлы топырақ сияқты шектеулі табиғи ресурстарды барынша пайдалануға мүмкіндік берді[4].



(Ас Сырхан алқабындағы егістіктер, Аль Джауф провинциясы)

«Жасыл шеңберлер» жобасының артықшылықтары:

- Елдің азық-түлік қауіпсіздігін арттыру.
- Жаңа жұмыс орындарын құру және ауылды дамыту.
- Экономикалық өсу және мұнай кірістеріне тәуелділіктің төмендеуі.

Алайда, жоғарыда аталған артықшылықтардан басқа, бұл жобаның айтарлықтай жағымсыз салдары мен зияны да болды:

1) Экологиялық тепе-теңдікті өзгерту: егістіктерді суару үшін суды қарқынды пайдалану су ресурстарының таусылуына және жер асты суларының деңгейінің төмендеуіне әкелді, бұл аймақтың экожүйесіне теріс әсер етуі мүмкін.

2) Денсаулыққа қауіп: Химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолдану топырақ пен су объектілерін ластап, адамдардың ауру қаупін арттыруы мүмкін.

3) Биоәртүрлілікке қауіп төндіреді: табиғи шөлді жерлерді ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге айналдыру аймақтың биоәртүрлілігіне теріс әсер ететін флора мен фаунаның бірегей түрлерінің жоғалуына әкелуі мүмкін.

Осылайша, Сауд Арабиясындағы жасыл шеңберлер жобасының оң және теріс салдары болды және оны жүзеге асыру ауыл шаруашылығын дамыту мен қоршаған ортаны қорғау арасындағы теңгерімді қажет етеді.

2008 жылы Сауд Арабиясы үкіметтік бидай бағдарламасын толық аяқтағанын жариялады. Бұл шешім елдегі су тапшылығы жағдайында су ресурстарына тәуелділікті азайту және жерді пайдалануды оңтайландыру стратегиясы аясында қабылданды.

2011 жылы Сауд Арабиясы елдің азық-түлік қауіпсіздігін жақсарту және су мәселесімен күресу үшін Мемлекеттік ауыл шаруашылығы және азық-түлік инвестициясы корпорациясын (SALIC) құрды. Ұйымның идеясы ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібіне ішкі және халықаралық деңгейде инвестиция салу болды [5].

SALIC-тің басты мақсаты елде су ресурстары шектеулі және азық-түлік өсіруге жер көлемі жеткіліксіз аймақта ауылшаруашылық жобаларына инвестиция тарту және ел тұрғындарының азық-түлікке қолжетімділігін қамтамасыз ету болды. SALIC ауыл шаруашылығындағы судың тиімділігін арттыруға бағытталған жобаларға инвестиция салды, мысалы, заманауи технологиялар мен егін өсіру кезінде суды тұтынуды азайтатын әдістерді қолданатын суару жүйелері.

Ішкі инвестициялардан басқа, SALIC басқа елдердегі ауылшаруашылық жерлерін және компанияларын сатып алып, шетелге белсенді түрде инвестициялады. Бұл елге азық-түлік көздерін әртараптандыруға, импортқа тәуелділікті азайтуға және су проблемаларының азық-түлік қауіпсіздігіне әсерін азайтуға мүмкіндік берді.

SALIC инвестициясының және ауылшаруашылық су ресурстарын басқаруға стратегиялық көзқарасының арқасында Сауд Арабиясы су мәселесін ішінара шеше алды және өз халқының азық-түлікке қолжетімділігін қамтамасыз етті. Бұл елге суды шектеуден туындаған қиындықтармен тұрақты түрде күресуге және азық-түлік тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар Сауд Арабиясы жан басына шаққандағы суды тұтыну бойынша АҚШ пен Канададан кейінгі үшінші орында тұрған мемлекет. Корольдік 2021 жылы суды тұтынуды 24%-ға және соңғы онжылдыққа қарай 43%-ға дейін қысқартуды мақсат етіп, «Vision 2030» бағдарламасы аясында суды ұтымды пайдалану бойынша бірқатар шаралар қабылдады.

Саудиялық SABIC химиялық компаниясы 2019 жылы энергия тұтынуды, парниктік газдар шығарындыларын және суды пайдалану қарқындылығын 2010 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2025 жылға қарай 25%-ға төмендетуге міндеттеме алғанын жариялаған еді.

Аталған мәселені шешу бойынша патшалық бірқатар стратегиялық жоспарлар қабылдаған. Яғни, суды тұщыландыру үшін екі негізгі технологияны термиялық және электрлік қолданып отыр. бұл үлкен процесс болып табылады. Сонымен қатар Сауд Арабиясында Испанияның Acciona фирмасы тәулігіне 210 мың текше метр ауыз суды тұщыландыратын зауыт салып, 350 мың адамды сумен қамтамасыз етіп отыр. Қуаттылығы жағынан бұл Сауд Арабиясындағы ең ірі тұщыландыру қондырғыларының бірі саналады [6].

Сауд Арабиясындағы су тапшылығы мәселесін шешудің жалғыз жолы суды тұщыландыру емес, олардың жүзеге асырып жатқан ең ірі бағдарламалардың бірі – корольдіктің оңтүстік-

батысындағы ауылшаруашылық террасаларын қалпына келтіру. Осы мәселе бойынша елде көптеген жұмыстар атқарылып жатыр.

Қорытындылай келе, су проблемалары, әсіресе климаттың өзгеруі және су ресурстарының шектеулі болуы жағдайында Сауд Арабиясының алдында тұрған маңызды проблемалардың бірі болып қала беретінін атап өтуге болады. Халық санының өсуі мен елдің экономикалық дамуы кезеңінде бұл проблемалармен күресу қажеттілігі барған сайын өзекті болып отыр.

Су мәселесін шешудің негізгі жолдарының бірі – ауыл шаруашылығы саласында инновациялық технологияларды әзірлеу және қолданысқа енгізу. Қазіргі заманғы суару әдістері, су ресурстарын тиімді пайдалану және заманауи су мониторингі мен басқару жүйелерін енгізу суды пайдалануды оңтайландыруға және ауыл шаруашылығын климаттың өзгеруіне және ресурстардың шектеулеріне төзімдірек етуге көмектеседі.

Сонымен қатар, су ресурстарын басқаруға әртүрлі инвестициялар және тұрақты су ресурстарын басқару бойынша ғылыми зерттеулерді дамыту су мәселелерін шешудің кешенді тәсілдерін дамытуға ықпал ете алады. Тәжірибе алмасу және технологияларды тасымалдау үшін халықаралық серіктестермен ынтымақтастықты орнату да қажет болуы мүмкін.

Және ең маңыздысы, су мәселелерімен күресу тек техникалық және технологиялық шешімдерді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық және саяси шараларды қамтитын кешенді және ұзақ мерзімді қажет ететінін түсіну маңызды. Барлық мүдделі тараптардың бірлескен күш-жігері арқылы ғана Сауд Арабиясында су мәселелерін шешуде және су ресурстарының тұрақты дамуын қамтамасыз етуде айтарлықтай прогреске қол жеткізуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. https://www.researchgate.net/publication/372140752_Water_Scarcity_Management_to_Ensure_Food_Scarcity_through_Sustainable_Water_Resources_Management_in_Saudi_Arabia (Есепке алынған күн: 04.04.2024)
2. https://www.researchgate.net/publication/366419701_Organizational_Culture_towards_Saudi_Arabia's_Vision_2030_Evidence_from_National_Water_Company (Есепке алынған күн: 05.04.2024)
3. <https://www.worldbank.org/en/topic/water/publication/beyond-scarcity-water-security-in-the-middle-east-and-north-africa> (Есепке алынған күн: 05.04.2024)
4. https://www.researchgate.net/publication/262201861_Water_demand_versus_supply_in_Saudi_Arabia_current_and_future_challenges (Есепке алынған күн: 04.04.2024)
5. <https://english.aawsat.com/home/article/3389701/salic-completes-supplying-355-tons-wheat-saudi-arabia> (Есепке алынған күн: 06.04.2024)
6. <https://jobforarabists.ru/> (Есепке алынған күн: 08.04.2024)

УДК 327

ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ И ЮЖНАЯ КОРЕЯ: СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПАРТНЕРСТВО В НОВЕЙШЕЕ ВРЕМЯ

Акимжан Сәния Серикқызы

santyanka20@gmail.com

студент факультета международных отношений

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - Б.Ж. Абжапсарова